

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазған Байкулова Айгерим Мейрхановнаның «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

## ШІКІРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деп көрсетуі, қоғамның, мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың азаматтық тәрбиесі мен білімділігінің деңгейінен талап етілетіндігін көрсетеді. Бұл талап мектеп қабырғасында болашақ лидерлерді даярлау қажеттігін тудырады. Өйткені лидерлер белсенді әрекет ететін, креативті ойлай алатын, жауапкершілігі мол, дербес шешім қабылдай алатын тұлға болып қалыптасады. Сол себепті олар қоғамды дағдарыстардан алып шығуда, оны дамытуда, Қазақстан мемлекетінің бәсекеге қабілетті озық отыз елдер қатарына енуіне үлкен үлесін қоса алады.

Оның үстіне жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес дене құрылысы өсіп-жетіліп, ағзада жыныстық даму толық қалыптасып, жеке іс-әрекеті мен қарым-қатынастың жүйесі және қайраткерлік белсенділігі байқалады. Өзін-өзі түсіну, өзіне-өзі баға беру, өзіне жеке тұлға деп қарау, өз мүмкіндігі мен қабілетін сезіну сияқты мінездік ерекшеліктерді игере бастайды. Өзін әр қырынан тануға, өзін көрсетуге ықылас-ниеті басым. Сол үшін әр түрлі рөлдерді меңгеріп ойнау арқылы өз бойынан ұқсастық іздеуді үйренеді. Талдап, саралауға оймен батыл әрекет жасайды. Ал бұл болса, оқушылардың осы 14-17 жас аралығында лидерлікке даярлығының мүмкіндіктерінің көптігін ғана емес қажеттілігін де дәлелдей түседі.

Осы айтылғандар Айгерим Байкулованың зерттеу жұмысының көкейкесті мәселеге арналғандығын көрсетеді.

А.Байкулова диссертациялық зерттеуін жазу барысында өзінің зерттеу проблемасына қатысты шетелдік, отандық философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерді жан-жақты талдады, зерттеу міндеттерін өте дұрыс жоспарлады. Зерттеу міндеттеріне сәйкес әдебиеттерді талдау, мәселелерді жүйелеу, жинақтау, топтастыру, қорытындылау, диагностикалау, бақылау, педагогикалық эксперимент және статистикалық өңдеу және т.б. зерттеу әдістерін қолдана отырып, жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындады;

- оқушы-лидер тұлғасының құрылымын анықтады және оған сипаттама берді;

- жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің мәні мен мазмұнын анықтады және оның моделін жасады;



- жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің технологиясын жасады және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп көрді.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, колледждердің, тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Докторанттың жалпы 12 ғылыми мақаласы ғылыми журналдарда, халықаралық және шетелдік конференцияларда жарық көрген. Атап айтсақ ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің тізіміне енетін басылымдар бойынша жарияланымдарда 6, Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымдарында 2, Шетелдегі ғылыми-практикалық конференция жарияланымдарда 2, Қазақстанда өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала жарияланған.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық сатысын орындауда автор ғылыми зерттеудің әдістемесін жетік меңгергендігін көрсетеді. Сонымен бірге тәжірибелік жұмысты ұйымдастыруда және жүргізу барысында белсенділік таныта білді.

Мен Байкулова Айгерим Мейрхановнаның «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбында жазылған диссертациясын аяқталған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар жұмыс деп білемін. Сондықтан, мен жұмыс өте жақсы дайындалған деп бағалаймын. А.Байкулованың диссертациялық жұмысын «6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Шетелдік ғылыми жетекшісі,  
Түркия (Анкара қ.) Гази университетінің  
PhD доктор, профессоры  
Мехмет КОРКМАЗ**



**Doç. Dr. Bülent AKSOY**  
Enstitü Müdür Yardımcısı



“6D010300 – Pedagoji ve Psikoloji” branşı PhD felsefe doktoru ünvanını almak için yazılan Baykulova Aygerim Meyirhankızı'nın “Yüksek sınıf öğrencilerinin liderliğe hazırlığını eğitme” konulu doktora tez çalışmasına yurt dışı ilmi danışmanının

## ÖNERİSİ

Kazakistan Cumhuriyeti'nin Cumhurbaşkanı N.A.Nazarbayev'in “Kazakistan – 2050” stratejisi kalıplaşan devletin yeni siyasi yönü” adlı Kazakistan halkına Nutuğunda “Gelecekte emek eden, yaşayacak kişiler, bugünkü öğrencilerdir. Öğretmen onları nasıl eğitirse, Kazakistan'ın durumu da o seviyede olacaktır. Onun için onların vazifesi çok zordur” demesi, toplumun, devlet geleceği genç nesillerin vatandaşlık terbiyesi ile bilgisinin seviyesinin zorunlu olması görülmektedir. Bu şart okuldayken gelecekteki liderler hazırlanmalıdır. Çünkü liderler aktif olarak çalışan, keskin düşünceli, sorumlu, tek başına kara verebilen şahıs olarak yetişir. Onun için onlar toplumu krizlerde çıkarmada ve geliştirmede, Kazakistan'ın dünyada gelişen otuz devlet sırasına girmede katkıda bulunabilir.

Ayrıca yüksek sınıf öğrencilerinin yaş özelliklerine göre, vücut yapısı gelişen, organlarda cinslik yapısı tam olarak kalıplaşan, özel hareketi olan ve ilişki kurmada kendine has özelliği görülecektir. Kendini anlama, kendini değerlendirme, kendini şahıs olarak hissetmesi, kendi imkanlarını ile yeteneklerini hissetme gibi karakterlik özellikleri benimsemeye başlar. Kendini her yönden tanımaya, kendi iyi taraflarını göstermeye çalışacaktır. Onun için çeşitli rolleri benimseyip oynama vasıtasıyla kendisinden bazı benzerlikleri aramayı öğrenecektir. Tahlil etmede cesur olmayı öğrenecek. Bu ise öğrencilerin 14-17 yaş arasında liderliğe hazırlığını imkanlarının çok olduğunu değil, gerekliliğini ispat etmektedir.

Söz konusu özellikler Aygerim Baykulova'nın çalışmasının güncel sorunlara ağırlık verdiğini gösterir.

A.Baykulova, tez çalışmasını yazma sırasında kendi inceleme sorunuyla ilgili yurt dışı, ulusal felsefi, psikolojik ve pedagojik kaynakları tahlil ederek inceleme görevlerini düzenli bir şekilde planlamıştır. İnceleme görevlerinden dolayı kaynakları tahlil etme, meseleleri düzenleme, derleme, sonuçlama, teşhis etme, kontrol etme, pedagoji uygulama ve statistik aktarma vb. İnceleme metodlarından yararlanarak yeni bilimsel sonuçlara ulaştı:

- yüksek sınıf öğrencilerinin liderliğe hazırlığına eğitmenin teorik esaslarını ispat etti;
- öğrenci-lider şahsının yapısını ispat etti ve onu tasvir ett.;
- yüksek sınıf öğrencilerinin liderliği hazırlığına eğitmenin anlamı ve muhtevasını ispat etti ve onun modelini yaptı;
- yüksek sınıf öğrencilerinin liderliği hazırlığına eğitmenin teknolojisini yaptı ve onun önemini uygulamalı tahlil yoluyla değerlendirdi.

Çalışma sırasında alınan neticeler ve onları temele alarak hazırlanan kesin bilimsel metodolojik sunumları, inceleme malzemelerini genel eğitim veren okulların, kolejlerin tecrübesinde, pedagoğ uzmanların bilgisini geliştirme ve yeniden hazırlama sisteminde yararlanılabilir.

Doktora öğrencisinin toplam 12 ilmi makalesi bilimsel dergilerde, uluslararası ve yurt dışı konferansların bildiri kitaplarında yayımlandı. Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı Eğitim ve Bilim dallarında Kontrol Komitesi'nin listesinde bulunan yayınlarda 6 makale, SCOPUS dergilerinde 2 makale, yurt dışı konferanslarda 2 makale, ulusal konferans bildiri kitaplarında 2 makale yayımlandı.

Çalışmanın bitirme seviyesini yapmada yazar ilmi araştırmanın metotlarını çok iyi bildiği görülür. Ayrıca uygulamalı çalışmayı düzenlemede ve yürütme sırasında aktif olabildi.

Ben Baykulova Aygerim Meyirhankızı'nın "Yüksek sınıf öğrencilerinin liderliğe hazırlığını eğitme" konulu doktora tez çalışması bitmiştir ve çalışmanın bilimsel yeniliği, pratik öneme sahip bir çalışmadır. Dolayısıyla, çalışmanın çok iyi hazırlandığı düşüncesindeyim. A.Baykulova'nın "6D010300 – Pedagoji ve Psikoloji" branşı PhD felsefe doktoru ünvanını almak için yazılan tez çalışmasını savunmasını kabul etmenizi öneriyorum.

**Yurt dışı ilmi danışman,  
Türkiye Cumhuriyeti,  
(Ankara ş.) Gazi üniversitesinin  
professörü, PhD Dr.  
Mehmet KORKMAZ**



  
**Doç. Dr. Bülent AKSOY**  
Enstitü Müdür Yardımcısı

